

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ – КЕРЕ» ПОВЕСІНДЕГІ ОҚШАУЛАНУ ТАҚЫРЫБЫ

Nuray ÜÇKARAKAYA *

Assem NURLANOVA **

Аннотация: Қазақ прозасы осы уақытқа дейін зерттелініп келсе де, әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан мәселелерді қозғайтын, әлі күнге дейін басы ашылмаған тақырыптар, әлі де зерттеуді қажет ететін шығармалар жетерлік. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың біртуар жазушыларының бірі Оралхан Бөкейдің шығармашылығы көптеген зерттеулерге нысан бола алады. Қаламгердің барлық шығармалары оқырмандардың, сыншылардың назарына іліккен. Алайда, Оралхан Бөкейдің шығармашылығын, оның прозасын зерттеу жұмысы әлі де жеткілікті деп айтуға болмайды. Көрнекті жазушының «Атау - Кере» повесі әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған шығармаларының бірі. Мұнда ол Алтайдың тамылжыған табиғатын суреттей отырып, адамдардың тіршілігін баяндай отырып, бүкіл әлемге өзекті болып отырған мәселелерді өз заманымен, өз көзқарасымен, өз ортасымен байланыстыра отырып өзіндік шешіммен қозғайды. Солардың бірі-жалғыздық, ортадан оқшаулану мәселесі. Жалғыздық жаратылыста әр адамның басынан өтеді. Сол жалғыздықтан арылу әр кімге оңай соқпасы анық. Жалғыздықты әркім өз бетінше, өзі жолымен кешіреді, одан өз жолымен өтеді. Жалғыздықта қалу бір жағынан жақсы, екінші жағынан - қауіпті. Қауіпті болатыны, адам жалғыз қалғанда түрлі ойларға берілуі, ол ойлардың адамды жолдан адастыруы болып табылады. Жақсы болатыны - түрлі ойларды ойлап, саралап, өзіне керектіні алуы, адамның шешім шығару жолындағы ізденісі. Мақалада адамның жалғыздық кезінде терең ойға берілетіні философиялық, психологиялық тұрғыдан қарастырылады. Жалғыздық категориясы жан-жақты талданады.

Araştırma Makalesi / Kūnye: Üçkarakaya, N. & Nurlanova, A. “Оралхан Бөкейдің «Атау – Кере» Повесіндегі Оқшаулану Тақырыбы”. Türkoloji, 123 (Eylül 2025), s. 135-158.

*Doç. Dr., Zonguldak Bülent Ecevit Üniversitesi, e-mail: nuray.3karakaya@beun.edu.tr, ORCID: 0000-0002-2406-1065

** Dr. Öğr. Üyesi, Kazak Amerikan Açık Üniversitesi, e-mail: anur_81@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9782-1507

Оралхан Бөкейдің «Атау - Кере» повесінің кейіпкерлері арқылы қоғамнан белгілі себептерге байланысты оқшауланып кеткен кейіпкерлер олардың өмір жолымен, олар өмір сүрген заманмен бірлікте талданады. Бұл мақалада қаһармандардың оқшауландық қалай арылғаны, сонымен қатар әрбіреуі үшін қауіпті болу себебі де қарастырылады. Авторлар Оралхан Бөкейдің «Атау Кере» шығармасындағы ар мен жан азабы, қазіргі қоғаммен салыстыра отырып, жазушының философиялық, психологиялық ойларын қазіргі заман көзқарасы арқылы салыстырып жеткізеді. Қазақ әдебиетіндегі жалғыздық тақырыбы, соның ішінде О.Бөкей шығармаларындағы жалғыздық мәселесі әлі күнге дейін жүйелі зерттелмеген. Бұл мақалада О.Бөкейдің «Атау-Кере» повесін негізге ала отырып, әдебиеттегі жалғыздық тақырыбы қарастырылады. Зерттеу барысында теориялық әдебиеттерге шолу, салыстыру, әдеби талдау, жүйелеу әдістері қолданылады.

Кілт сөздер: Қазақ әдебиетіндегі жалғыздық мәселесі, Оралхан Бөкей шығармашылығы, Оралхан Бөкей прозаындағы жалғыздық тақырыбы, «Атау-Кере» романындағы жалғыздық тақырыбы, Табиғат пен адам.

THE THEME OF SELF-ISOLATION IN THE STORY “ATAU-KERE” BY O. BOCKEY

Abstract: Despite the fact that better as Kazakh prose is still under study, there are many works that have yet to be studied, touching on problems that are still unresolved. In this context, the work of one of the outstanding Kazakh writers, Oralkhan Bokey Oralkhan Bokey can become the object of many studies. Many works of the writer readers and critics. better as there has not been enough research on Oralkhan Bokey's works. The story of the outstanding writer “Atau-Kere” better as remains relevant. Describing the nature of Altai, telling about the life of people, the writer touches upon the issues of global relevance. One of them is the problem of loneliness.

Loneliness is something that every person goes through. Obviously, it is not easy for everyone to get rid of this loneliness. On the one hand, being alone is good, but on the other hand, it is dangerous. Succumbs to various thoughts. It will be all right to come up with different thoughts, differentiate and get what you need. The article states that one is deeply immersed in thoughts when left alone. Through the characters in Oralkhan Bokey's story “Atau-Kere”, the narrative examines characters who are isolated from society. This article will analyze how they escaped this isolation and why they are dangerous. The authors compare the suffering of the conscience and soul in

Oralhan Bokey's work "Atau Kere" with modern society, comparing the writer's philosophical thought from a contemporary perspective. The theme of loneliness in Kazakh literature, particularly the issue of loneliness in the works of Oralhan Bokey, has not yet been systematically studied. This article examines the theme of loneliness in literature based on Oralhan Bokey's novella *Atau-Kere*. The research employs methods such as literature review, comparison, literary analysis, and systematization.

Keywords: The issue of loneliness in Kazakh literature, Oralhan Bokey's works, the theme of loneliness in Oralhan Bokey's prose, the theme of loneliness in the novel *Atau-Kere*, Nature and human.

Кіріспе

Оқшаулану, жалғыздық дегеніміз - адамдармен араласпау, өзінді бұл әлемде жалғыз сезіну, мінез құлықтағы өзгерістер. “Бірнеше жүз мың жыл бұрын, қазіргі заманғы адамдар дамып жатқан кезде, Африка даласында жалғыз болу тез олжаға айналуы және өлуді білдіреді. Осылайша, инстинктивтік импульстары әлеуметтік бірлестікті таңдауға тиіс адамдар ғана аман қалды. Бұл жалғыздықты жағымсыз сезімге айналдыратын эволюциялық себеп болуы мүмкін. Жеке айырмашылықтар популяцияның шамамен 15% жоғары сезімталдыққа әкелетіні кеңінен қабылданған. Кейде жоғары ынталандырылған әлеуметтік байланыс мұндай адамдарды қауіпсіз жалғыздық іздеуге әкелуі мүмкін.” (Aron, 1997, s. 346)

Жалғыздықтың ең басты мәселелері - махаббат, намыс, әділетсіздік, күйзеліс. Адамдардың жалғыздыққа ұшырау себебі - өмірде кездескен қиындықтарға төтеп бере алмай, орта жолдан барлығын тоқтату, көптеген әділетсіздіктерге ұшырау, өз махаббатының теріс айналуы. Бұның барлығы адамды өз әлеуметтік ортасынан бөліп, жалғыз сезінуіне алып келеді. Ал адам жалғызсыраса бойын қорқыныш немесе басқа да ойға берілуі мүмкін. Бұл адамның санасына не түйсе, соның жемісін көріп жатқандығы. Адам жалғыз қалғанда ойына небір сансыз ойлар келеді, сол ойдың шырғауынан шыға алмай, өз - өзінен шошынып, өмір сүруге деген құлшынысы да төмендейді. Бүкіл жан дүниесіне жаман әсерді сіңіреді. Ол жинала келе қорқынышқа әкеліп соғуы мүмкін.

Ғылыми әдебиеттерді талдау бізге жалғыздықтың негізгі аспектілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: жағымсыз, жағымды.

С.В. Бахардин, жалғыздықтың жағымды жақтары сыртқы факторлардың әсерінен туындайды деп көрсетеді. Ол өз мүмкіндігімізді шектейтін қолайсыз өмірлік жағдайларға тап болған кезде (мәжбүрлі әлеуметтік және физикалық оқшаулау, бас бостандығынан айыру, ауру және т.б.) біз қазіргі жағдайдан мақсатты түрде оң аспектілерді іздей аламыз деп жазады. Бұл жағдайдан барынша пайда алу үшін саналы және белсенді әрекет ету нәтижесінде болады. Бұл жағдайда жалғыздық адам дамуының ресурсы ретінде әрекет ете алады. (Хараш, 2000, s. 9).

Ғалым И.М.Покровский айтуынша, жалғыздық күрделі ұғым, ол әртүрлі сезімдер мен эмоциялардың жиынтығымен сипатталады. Ол өз еңбегінде: «Жалғыздық – бұл ішкі және имманенттілігі нақты физиологиялық және қоршаған орта факторларына тәуелсіз белгілі бір психологиялық мотив» деп атап көрсетеді. (Покровский, 1989).

Кез келген адам қоғамнан оқшауланған кезде терең ойға беріледі деп санайды. Керісінше, адамдар терең ойға берілгенде қоғамнан оқшауланады. Себебі, ол адамның іштей қынжылатындай, күні бойы ойынан кетпей, ойлайтындай мәселесі, жағдайы болуы әбден мүмкін. Сол қиындықтардан қалай шықсам екен, қандай дұрыс жол таңдасам екен деген оймен танын атырып, кешін батырады. Сондай кездері жалғызсыраған, қоғамнан оқшауланған адамды көруге болады. Адам періште емес, құдайдың жаратқан пендесі, сондықтан да кейбір кезде қателіктер жібереді. Тағы да сол қателіктерден сабақ алып немесе сол қателіктердің зардабын көреді. “Жалғыздық адам тіршілігі сияқты көне және әмбебап құбылыс болғанымен, ғылыми зерттеулерде әртүрлі пәндер көптеген әртүрлі факторлармен байланыстырылып, жағымды және жағымсыз жақтарымен қарастырылды. Эмоционалды интеллект адамның өзінің және басқалардың жалғыздығына қатысты мағыналық әлемді құру, басқару және оны жеңу қабілеті тұрғысынан керемет әлеуетке ие болғанымен, ол өте аз зерттеулерде жалғыздық тұжырымдамасымен бірге қарастырылды.” (Yılmaz, 2023, s. 727). Кейбір кезде қоғамнан, кейде қасындағы адамнан зардап шегіп жатады. Ол әйел мен ер адамның арасында немесе баласы мен анасының арасында болуы мүмкін.

Адамның ортадан жатсынып, адам қатарынан қалуын, жалғыздықтың сарынын, пәк сезіммен шынайы махабатты, адалдық пен қастандықты, достық пен дұшпандықты және адамгершілік пен көре алмаушылықты шынайы суреттейді.

Жалғыздық – әлем әдебиетінде кеңінен көрініс табатын терең тақырып. Ол түрлі кейіпкерлер мен оқиғалар арқылы бейнеленеді.

Айталық, У.Шекспирдің «Гамлет» трагедиясында ішкі күйзеліс пен қоғамнан оқшаулану анық байқалады. Романтизм дәуіріндегі М.Лермонтовтың «Біздің заманның қаһарманында» Печориннің жалғыздығы – оның қоғамды мойындамауы мен оқшаулануынан көрінеді. Ф.Кафканың «Процесс» романында жалғыздық пен оқшауландудың ауыр атмосферасы шебер суреттелген. Г.Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романы – жалғыздықты ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын тағдыр ретінде бейнелейді. Ал Булгаковтың «Мастер мен Маргаритасында» Мастер мен Маргарита образы арқылы рухани жалғыздық терең ашылады.

Жалғыздық тақырыбы қазақ әдебиетінде де ертеден бері көрініс тауып келеді. Оның алғашқы белгілері ауыз әдебиеті үлгілерінен, батырлық жырлар мен толғаулардан байқалады. Кейінгі дәуірлерде бұл тақырып Абай Құнанбаев пен Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінде, Мұхтар Әуезовтің “Жетім”, “Қаралы сұлу” әңгімелерінде, сондай-ақ Ілияс Жансүгіровтің “Құлагер” поэмасында терең суреттелген. Ал О.Бөкей шығармаларындағы жалғыздық психологиялық, философиялық тереңдігімен ерекшеленеді.

1. Оралхан Бөкейдің «Атау Кере» Повесінің Кейіпкерлері.

Жалғыздық ұғымы жазушы шығармаларында кейіпкерлер жүйесі арқылы еркін көрініс табады. Оның кейіпкерлері кейде өз ортасынан жатсынған күйде табиғатты паналаса, енді бірде жапандағы жалғыз үйді мекендеуге мәжбүр болады. Оралхан Бөкей шығармаларының кейіпкерлері қиялшыл болуымен бірге өзіндік бір мұңы бар, өкініш пен қайғыруы бар болып келеді. Және бір ерекшелігі – кейіпкерлерін ортадан шеттетуге, оқшаулау, жатсыну бағыты болып табылады. Олар ортадан бөлініп шыққанымен елден мүлдем безініп кеткен жатбауыр емес. Сондай шығармаларының бірі «Атау - Кере» повесі. Бұл шығарманың айтылар ойы, автордың жеткізгісі келгені бірден таныла қоймайды. Оны тереңірек оқып, астарлы сөздерді ұғу арқылы түсінуге болады. Жалпы айтқанда әлеуметтік мәселелер жайында сөз қозғайды. Шығарманы бір оқыған адам бәрін түсіне бермеуі мүмкін. Шынымен де шығармада түсініксіз нәрселер, астарлап, тұспалдап жеткізілген жайттар да бар.

Жазушы өзінің өмірге деген көзқарастарын, ой – тұжырымдарын кейіпкерлері арқылы жеткізген. Кейіпкерлерін сөйлете отырып өз ойын, пікірін, Тағанның Неге біз осы? риторикалық сұрағымен қазіргі қоғамдағы мәселелерді ашып айтады.

«Атау – Кереде» басты үш кейіпкер бар. Олар: Ерік, Таған, Айна. Бұлардың үшеуі де бір – бірімен құрдас. Алайда, үшеуі де үш бөлек әлем.

Жалпы Оралхан Бөкейдің барлық шығармасы өз өмірінен алынған. Кейіпкерлерінің көбі өмірде бар, болған адамдар. Ол жайлы Оралхан Бөкейдің өзі де айтып өтеді: «Әйтеуір, не жазсам да өз заманымды, сол заманда табан ет, маңдай терін жұмсап жүрген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырысамын». (Бөкей, 1994, s. 440).

Бұл шығармада өмірден, қоғамнан, әлеуметтік ортасынан оқшауланып өмір сүріп жатқан кейіпкерлер туралы айтылады. Жақын туыстарымен мүлдем байланысын үзіп, өткен өмірін ұмытып, келешектен үміт күтпеуі жалғыздыққа алып келеді. Олар өздерін ешкімге кересіз сезінгендіктен, өмірден құндылықтарын жоғалта бастайды. Сондай кейіпкердің бірі - Таған.

Таған - сөзге шешен, терең білімді, жас аспирант. Текті отбасынан шыққан. Бүкіл Алтайға танымал ақын Мақажанның немересі, Көкеннің ұлы, Еріктің сыныптасы. Білімнің соңына түсіп, әлі де ешкімнің батылы жетпей жүрген тың тақырыптарға еңбектер жазған. Бірақ жазған ғылыми еңбектерін жарамсыз, қоғамға жат, зиян делініп еңбегін зая кетіреді. Сол кезде ортасынан, айналасынан көңілі қалып, ащы суға беріледі.

Адамзаттың бойындағы ең жаман қасиеттерінің бірі - ішімдікке құмарлығы. Ішімдікке бір әуестенген адамда ешқандай да абырой, жақсы қасиеттердің біреуі де қалмайды. Ащы суды ішкеннен кейін, ес ақылынан айрылып өзін ғана емес, ата - анасынан, әйелінен, бала - шағасынан, туған - туыстарын да ұмытып, безініп кетеді. Ал мұндай жағдайда кім көрінгеннің айтқанын істеп, бір жұтым ащы суға бола айтуына көніп, айдағанына жүреді. Тіпті өмір сүрудің не екенін де, дүниеге деген көзқарасын да, отбасы алдындағы борышы мен міндетін де ұмытады. Сондай күндердің бірінде бала - шаға, әйелінен, ес - ақылынан айрылып, далада қалады. Ал есінен айрылған адам өз - өзіне қарамай, кез келген жерде, дала болсын, көше болсын, жер талғамай жататыны белгілі. Ондай адамның елге де, туғанына да қадірі болмайды. Маскүнемдіктен айыға алмай, өмірінің соңына дейін ішіп кетеді. Тіпті өлімінің себепшісі де осы әдеті болып табылады. Ал кейбір адамдар белгілі бір уақыттан кейін, өз өзін жинап, ретке келтіріп, түк болмағандай жұмысын жалғастыра береді. Бұның барлығы адамның ой - санасына байланысты. Санасы бар адам өз - өзін басқара алады. Бірақ өмір бойы ішкен адамға да белгілі бір себеп әсер

етіп, қойып кетуі мүмкін. Ал бұдан айыға алмай жүргендердің көбісінің санасы уланып, өзін ортадан шеттетіп, арақсыз бір күнін де елестете алмайды. Ішпесе басы ауыратын жағдайға жетеді. Ал Таған болса дер кезінде тоқтай білді. Оған себепші болған адамдар да бар.

Бірақ кез келген маскүнемнің ол жолға түсуінің өзіндік себептері болады. Кейбіреуі жақын адамынан айырылып, біреулер жұмысынан, кейбіреулер жастықтың буымен, енді біреулер өмірде көп қайғы көріп, әділетсіздіктерге ұшыруы себебінен осындай жағдайға түседі.

Таған да сол сияқты ащы судың кесірінен дос - жаран, туыстарынан баласы мен жарынан айрылады. Ал оны бұл жағдайға бастаған өмірдегі әділетсіздіктер болды. Таған басқа адамдар ұқсап, өз мақсатына жете алмады. Сол үкіметтегілерден қарсылықтар болғаннан кейін, сағы бір күнде сынды. Оған біреуден жылулық, қолдау керек болды. Қоғамның басына салған салмағына төтеп бере алмай, сол ауырлықты бірге жеңуге көмектесетін жандардың теріс айналуы оған қатты әсер етеді.

Ол кездері қоғамда білімді, ақылды, саналы деген адамдар бар болса да, Таған сияқты зиялы қауым өкілдері, ең бастысы қауіпті саналып, бірден жойып жіберуге тырысты. Сондай тәсілдердің бірі - маскүнемділікке бағыттау. Жалпы алғанда, жолында кездескендердің бәрін жоюдың ең тиімді, ең қолайлы қаруы арақ болды. Таған өз сөзінде жоғары билік өкілдерін шала оқығандарға санап, халық өкіметтегілерге сеніп, адасқандарын айтты. Таған қанша жерде маскүнем болғанымен өте терең ойлайтын, сөзге шешен, ақылды білімпаз, өте көп нәрсені білетін адам болатын. Оның бар жазығы ащы суға берілуі еді.

Ал автор оның осындай бейшара халге түсуіне қоғамды кіналайды. Өмірінде кездескен қиындықтар мен ауыр күндерге сағы сынған Таған бір күннің ішінде өзінің абыройынан айрылады. Таған болмысынан шындыққа, ұлтқа жақын адам еді. Және де шығармалары да соған сай болатын. Ғылыми жұмысын қорғаймын деп қудалауға түсіп, шарасыздыққа тап болады. Сол шарасыздықтан жол таба алмай арақтан басқа дүниені көрмей қалады. Оралхан Бөкей кейіпкеріне Ерікті жіберу арқылы санасыздықтан құтқарады. Оған көмектескен құтқарушысы табиғат болды. Оны Тағанның табиғаттың, Мұзтауға тамсанып қарауынан көруге болады.

Тағанның шығармадағы қолданатын «Неге біз осы?» деп басталатын лекциясымен өзінің өмір сүрген қоғамдағы барлық

кемшіліктерді жіпке тізгендей қылып айтады. Кеңес заманында Тағанды жұмыстан қуып, диссертациясын қорғатпады. Ал мұның барлығына шыдамаған Таған маскүнем болып, араққа салынып кете жаздады. Таған сияқты адамдар ішуін қойса, онда біраз адамдар орын босатар еді. Егер олар ішетін болса ақымақтығы ашылып қалады. Сондықтан Таған сияқты адамдарды маскүнем қылады.

Ерік Тағанға сыра ұсынғанда, Тағанның тәбеті тарпай тұрғанын айтады. Ол өздігінен емес, оны өзгелер іштіретінін айтқан еді. Міне, осындай адамдардан Таған маскүнем болды. Егер осы кезде аузына арақ құюдың орнына, керісінше қолдап, демеп жібергенінде Таған адам қалпына ерте келер еді. Бұл жайттан адамдар өзгені емес, өзін ғана ойлайтын, өзімшіл, құдайдың берген өмірін жаман жолға пайдаланып жүргенін көруге болады.

Тіпті оның бірге оқыған сыныптасы да Тағанның ішімдікке құмарлығын пайдаланып, құл қылып ұстағысы келді. Таған өзінің Неге біз осы? деген риторикалық сұрағы арқылы ғаламда керексіз адамдар толып жүргенін, неге олардай адамдардан тазартпасқа деп ойлайды. Әлем баспана секілді. Адамдар өз баспаналарын кір - тозаңнан тазалайды. Сол секілді әлемді тазалағысы келеді. Адамдар қатыгезденіп бара жатыр. Ананың ақ сүтін ақтай алмай, бір күндік қызық үшін мақтанып, көзің шел басып, құрдымға кетіп бара жатқанын білмейді. Өмірдің ағысымен қатар ағып, бірақ оған қарсы жүзуді ұмытқан. Өмір сүрудің ең жеңіл амалын тауып алып, өзінен төмендерге күліп, мазақ етеді. Сондағы мақсаты не екенін де білмейді. Себебі адамның санасы соған ғана жетіп тұрғаны. Бірақ көпке топырақ шашуға болмайды. Адам өзінің өмірдегі мақсатын айқындап алса, және соған жетуде қиынықтарға мойымай, қарсы тұра білсе, өзінен төмендерге күліп, мазақ етпей, керісінше ол адамды да өзіне тартып, оның мақсатын да айқындап берсе онда біраз жетістіктерге жетер еді. Бірақ барлық адам осы жолмен жүруі мүмкін емес.

Табиғат жаратқан нәрселер әрі ақылды, әрі шыншыл болып келеді. Құлық - сұмдыққа бармауды, өтірік айтпауды табиғаттан үйрену керек, себебі табиғаттың жүрегі таза деп адамның табиғаттан үйренер нәрсесі көп екенін айтады. Ал О.Бөкейдің шығармасындағы жалғыздықты сездіретін, оны содан құтқаратын да табиғат еді. Қоғамнан баз кешкен кейіпкерлер табиғаттан сұрағының жауабын алып, көңілдері біраз болсын сергитін. Табиғат жалғызсыраған адамға демеу бола білді.

«Табиғат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол – әмісе әдемі, әмісе сүймейді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан да адамдар секілді

кателеспейді. Табиғат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап-арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені ОНЫҢ, [табиғаттың] жүрегі таза. Табиғат бізді алдаған емес, тек өзімізді өзіміз ғана қан қақсатамыз, қан жоса қыламыз. Табиғат қате жібермейді, егер «ақымақты» дүниеге келтірсе, онда сол ақымақтың да бір нәрсеге қажет болғаны; Табиғатта АДАМНАН басқа артық нәрсе жоқ, тек БІЗДЕР ғана жаратушының гармониялық берік байланыстағы тізбегіне кіре алмаймыз...». (Бөкей, 1994, s. 449).

Адамның қасиеттерінің өлшемі - адамгершілік құндылықтары болып есептеледі. Оның жақсылыққа ұмтылуы, игі істер жасауы, айналасындағы адамдарға жақсылық жасап, өмірді жан жағынан түсінуі, сол арқылы әлемді танып өзін - өзі түсінуі. Адамгершілік қоғаммен байланысты. Қоғам қалай өзгеріп отырса, адамгершіліктің де құндылықтары солай өзгереді.

Адамгершіліктің құндылықтары жоқ қоғамда дарынды, қанша жерден адал, жұмысына тиянақты болсан да жан азабында өмір сүретінін меңзейді. Жоғарыда қызмет ететін адамдар, өзінен төмен адамдарды менсінбей, өзінен ақылды, әлдеқайда ойы жүйрік, білімді адамды көрген бойда оның алдына кесе көлденең тұрады. Қайткен күнде де өз жылы орын ешкімге бермеу, соның жолында қолынан келерін аянып қалмайды. Таған осындай адамдардың, жағымпаздардың құрбаны болды. Тағанға тума талант екенін мақтап, өз жұмыстарың істетіп, өз жоспарларына пайдаланып, кейіннен керек қылмады. Бірақ өмір тек жаман, арам пиғылды адамдардан ғана тұрмайды. Өмірде де жақсы, адамгершілігі бойында бар, адасқан адамды тура жолына түсірер, жол көрсетер адамдар да жетерлік. Тағанға да сондай адамдар көмектесті. Сол адамдардың арқасында адасқан жолынан тура жолды таба білді. Ол өзінің кемшілігін жоя білді. Өзін ретке келтіріп, өмірге деген көзқарасын, бұрын сонды көріп жүрсе де, көрмеген адамдарша, айналасындағы болып жатқан жайттарға тандана қарады.

Таған қоғамнан көңілі қалып маскүнем болды. Мас күйінде сыныптасы Ерік тауып алып, оны өзіне құл қылып алады. Бірақ Ерік қандай пиғылмен болса да, Тағанды маскүнемдіктен арылтар жолға бастады. Бұған себеп Нюра кемпір мен Айнаның адамшылдығы. Таған ақырындап табиғатпен тыныстап, Алтайдың дәрілік шөптерінің арқасында ақыл есін жинап, жаны тазара бастаған соң, өзінің кім екені есіне түсе бастады. Ойсыз, қамсыз жүрген маскүнем барлық жайтты ой елегінен өткізе бастайды.

Таған ішімдікке салынғанымен тіпті де жаман адам емес. Себебі, Ерік өзінің үйіне әкеле жатқан кезінде, бұларға үш ит үре қоя береді.

Біреуі Ерікті жеп қоярдай үрсе, ал қалған екеуі Тағанды иіскелеп қана қояды. Ерік ішінен «ит қаппайтын да адам болатыны рас екен» дейді. Өзіне жүгірген итке қамшымен салып қалады. Ал ит болса одан ары үруін қоймайды. Кейіннен Таған итке қояуын айтқанда ғана иттер оны бұрыннан танитын адамы сияқты жанынан қалмайды. Міне, осы кезде ғана Тағанның мас болып, қаңғыбасқа айналып кете жаздаған болса да, оның жаман адам емес екені аңғарылады.

Адам баласының өзі де табиғаттан жаратылғандай. Себебі адамның ашуы - тасып жатқан өзенге, бір нәрсеге қамығуы- қар жамылып, мұз қатқан аязды қысқа, мұңаюы - күздің бұлтты аспанына, бір нәрсеге қуануы - жер беті жібіп маужыраған көктемге ұқсайды.

Оралхан Бөкей туындыларында тау мұңаяды, селкілдейді, катуланады, сөйлейді, оның жүрегі мен тілі бар. Тек адамдарда оны естір құлақ жоқ. Бұны «Атау кере» шығармасындағы Тағанның монологынан көруге болады: «Тау мылқау деп кім айтты, жүрегі, тілі бар, тек естір құлақ керек; ал, құлағы мен көзі барлардың да естімейтіні, көрмейтіні толып жатыр. Дүниені алағайдай бүлдіретін де солар. Құлағы бар – керең, жанары бар – соқырлар... сондықтан да, жан дүлейлігінен сақтасын...» . (Бөкей, 2013, s. 178).

Тағанның жалғыздығы осында.

Тағанды бір өлімнен аман алып қалған Айна еді. Тағанның асылып тұрған кезін көрген Айна жан ұшыра барып, өлімнен құтқарды. Ал повесть соңында болса Таған өз қарызынан құтылып Айнаны бұл өмірінен алып кетеді.

Шығармадағы Нюра кемпірді алатын болсақ, ол жас кезінде қазаққа ғашық болып, ата - анасының қарсылығына қарамай сол жігітке үйленеді. Ата – анасы қарсылығын білдіріп мұнымен мүлдем араласпайды. Оның әкесі орыс ұлтының адамы, құл мен күн жұмсаған бай бақуатты адам. Олар қыздарының өзге ұлтқа тұрмысқа шығуына әу баста қарсы болған. Тіпті екі жақтың адамдары жауласып, бірі - біріне қару ала жүгіргенде, Нюра барып оларға өз еркімен тұрмыс құрып жатқанын, және ішінде бала барын өтірік айтып, содан кейін ғана өз жөндеріне кетеді. Қыздарымен мүлде араласпай, хат - хабар алысуын тоқтатады. Нюра кемпір келін болып түскен сәтінен бастап, асын дәретсіз ішпей, бес уақыт намазын қаза қылмай оқиды. Бірақ өлер сәті келгенде орысша күбірлеп, шоқына бастайды. Ал оның сандығынан шыққан, жылдар бойы сақтаған Иконнан христиан дініне деген адалдығы байқалады.

Нюраның шығармадағы жалғыздығын оның қарттық кездегі мен төсек тартып жатқан ауруымен түсіндіруге болады. Көбінде ол үйде жалғыз болады. Жалғыз қалған адамның ойына небір ойлар келіп, өзінің жүріп өткен өмір жолын, көрген қиындықтары мен азапты күндерін есіне алады. 1932 жылғы бүкіл қазаққа зардабын тигізген, халықты соғыстан бетер қырған аштық зобалаң, шаш ал десе бас ал дейтін сол кездердегі Шолақ қол сияқты бастықтар, ел қамын ойлаған Қандауыр сияқты ел азаматтарының «халық жауы» болып атылып не айдалып кетуі.

Сол бір Шолақ қолдың көрсеткен азаптарын келініне жіпке тізгендей қылып айтып береді. Күйеуі Қандауырды халық жауысың деп қамауға алып, кейіннен оны өлді деп қанша жылды жалғыздықта, құсалықта өткізеді. Ал бұны жалғыздықтан құтқарған Тағанның ата - анасы Көкен мен Аналық еді. Шолақ қолдан жасырынып, қараңғы бөлмеде қаншама күнді өткізеді. Сол жерде жалғыз баласынан да айрылады. Енді бұдан кейін құрсақ көтермеспін деп ойлап, қамығады. Бірақ кейіннен Шолаққолдың өзі істі болып, қамалып кетеді. Нюра да ел қатарлы өмір сүре бастайды, отан соғысын көруді жазады. Соғыстың екінші жылында Қандауыр аман - есен оралады. Бірақ он күнге сұранып келіп, қайта кетіп, сол жақта ерлікпен көз жұмады.

Ол қанша жерден қазаққа тұрмысқа шықса да, қанша жерден дін жолында жүрсе де ақыр соңында іштей өз дінінде қалғанын байқауға болады. Нюра кемпір өзі қанша жерде қазақпын деп есептесе де, сырттай іс - әрекетімен қазақ болып жүрсе де, ішкі сезімінде өз ұлтына, дініне деген сенімі жоғалмаған. Ендеше, оның жалғыздығының өз жолы бар.

Жағымсыз кейіпкер - Ерік. Ол өзі өсірген будан аралар сияқты. Өзі де будан тұқымынан шыққан. Ерік болса, өзі өсірген будан аралар сияқты. Өзі де будан тұқымынан шыққан. Анасы - орыс, әкесі - қазақ. Ол өзінің тегіне мүлде тартпаған. Әкесі Қандауыр жүрегі кең, кең пейіл, өмірінің соңына дейін елім деп өткен, дүниеден елінің мәртебесін жоғары қойған адам. Анасы Нюра да ақкөңіл, мейірімді, адамға қолынан келгенінше аянып қалмайтын жомарт болған. Соның өзінде де Еріктің мінезі ешкімге ұқсамаған, қатыгез, адам баласына жәрдемі жоқ, іші тар, тек өзім байысам, өзім бақуатты болсам деп, адамды пайдалануды ғана білетін өркөкірек адам. Ол ешкімнен жәбір көрмесе де, бойын адамдардан алшақ ұстап, бөлек өмір сүре бастайды. Ол рухани байлықтан гөрі материалдық дүниені жоғары қойған, күні бойы не, кім үшін жанталасып, еңбектеніп, өмір кешіп жатқаны беймәлім. Оның бар ойлағаны дүние, байлық, ақша. Байлыққа қол

жеткізу үшін Алтайдың табиғатын, аң құсын, жан жануарын, бал - карағайын барлығын вертолетімен келіп жүрген Прохор досына сатуға дейін барады. Тіпті сол байлыққа жету жолында көзі шел басып, жары Айнаның да махабатын көрмейді. Ақыр соңында сонаға айналып, жарынан айрылады.

Ерік өзінен озып, алға ұмтылғандарды ұнатпайды. Білімнің жолына түскендердің барлығын еңбексіз күн көрер арамтамақтарға теңейді. Сондықтан өзінен озған жас аспирант Тағанның ішкілікке салынған түрін көргенде төбесі көкке жетіп қуанады. Тіпті оны өзінің атына отырғызбай, жаяу соңынан жетектеп өз үйіне алып келіп, құл етіп ұстағысы келеді. Еріктің бұл арам пиғылы іске аспайды. Бірақ Тағанның ата - анасының Нюра кемпірге көмегі көп тиген еді. Сондықтан Нюра кемпір Тағанды маскүнемдіктен арылтуды өзіне міндет етіп алады.

Өзге елден әкелінген будан аралар кейпінде суреттелген Ерік те ақыр соңында сонаға айналып, өзі дұрыс танымайтын бейтаныс қыздың қамшысында өледі. Будан шығар қорытынды қоғамдағы адам кейпіндегі будандардың да елге тигізер зияны өте көп. Еріктің бұл араларды сонау Америка құрлығынан әкелудегі басты мақсаты байлыққа кенелу болды. Бұл араны шетелге ұшатын самолетте жұмыс істейтін достары арқылы алдыртты. Олар арғы беттен будан үлкен нәрсені алып өткенде, сіріңкенің қорабына араны салып әкелу түкке де қиындық тудырған жоқ. Бірақ ол өз мақсатына жете алмады. Сол өзі әкелген аралар оған уын шашты.

Еріктің іс - әрекетіне қарап аралас некеден туылған баланың әкесіне де, анасына да ұқсап туылмайтынын, жатбауыр, бөлек адам болатынын аңғаруға болады. Тіпті Еріктің өзі өсірген америка араларымен будандастырған аралары да қанға тоймайтын, тойымсыз болып, ақыр аяғында анасына тап береді. Сондықтан да анасының жат жұрттық ешқашанда адамға пайдалы болмайды, бүгін балын беретін болса, ертең уын шашады деген сөзі орынды. Бұл сөздерден автордың, яғни Оралхан Бөкейдің де бұл істі қолдамайтынын көруге болады.

2. Шығарманың Негізгі Тақырыбы – Жалғыздық

Міне, осылай О.Бөкей өз кейіпкерлері арқылы жалғыздықты әр түрлі аспектіде алып көрсетеді. Адамның алды артына қарамай, қайда асығып бара жатқанын, алдында не күтіп тұрғанын, қашан бұл дүниемен қоштасатынын білмеуі - бұл өмірдегі үлкен қателігі. Автордың адамдар өмірін араларға ұқсатып, суреттегені де сондықтан.

Қанша жерден бал жинап, тыңбай еңбектенгенімен, ол еңбегін кім, қашан зая кетіретін, ал өздерінің қашан өлетіндерін, ұясын кім бұзарын білмейді. Адамның да бұл өмірдегі ең үлкен қатесі осы. Асыққаны соншама, өзінің қайда беттеп бара жатқанын білмейді. Өмірге қашан келіп, қашан кететінін болжай алмады. Автордың да араның жасаған өмірінің деңгейіне жету үшін адам баласының алдында әлі талай ұзынды жол күтіп тұр дегені сондықтан.

Егер адамның ойы оң, жақсы көзқараста болса, оның жасаған іс - амалдары да, жұмысы, өмірі де алға басады. Ал ойы арам, теріс болса, онда бүкіл жасаған ісі кері кетіп, сол пиғылына сай жазасын алады. Ерікте адамгершілік қасиеттің біреуі де жоқ секілді. Еріктің бойында туған жеріне деген аяушылық сезімі, елінің қамын ойлау, халыққа көмектесі секілді қасиеттері жоқ. Тіпті анасы мен әйеліне де көңіл бөлмей, жаны ашымай, өзге түгіл өзі білмейтін, беймәлім мақсатқа жетуге тырысады.

Адамның адамгершілігі оның ең үлкен қасиеті. Ал оның белгілері әр уақытта жақсылық жасауға ұмытылу, оны ешуақытта есінен шығармау. А. Құнанбаевша айтсақ, «тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. ...Жанды тәнге бас ұрғыздық» . (Абай, 2020, s. 78)

Адам жалғыздықта өмір сүре алмайды. Әрқашанда өзіне қамқоршы, ақыл айтатын, арқа сүйейтін адамға мұқтаж. Бірақ әрбір адам өз жағдайын ойлайды. Ата - ана баласын асырап, өсіріп - жетілдіріп, барын беріп, оқытып - тоқытып, жұмысқа орналастырады. Ал баласы болса аяққа тұрған соң, өзің барлық нәрсемен қамтамасыз ете алған соң, барлығына өзі жеткендей дандайсып кетеді. Тіпті ата - анасын да ұмытады. Ал олар қартайған шағында көмекке зәру болып, баласынан қорғаныш, жақсылық күтеді. Еріктен де бұл қасиетті байқауға болады. Оның бар кінәсі байлыққа жету үшін будан ара өсіріп, сол байлыққа жете алмауы. Сол іс - әрекетінің кесірінен анасынан айырылып қалады.

Ерікті «Қар қызы» повесіндегі Қонқай шалға әбден ұқсатуға болады. Себебі Қонқай шал бір қыздың обалына қалып, боранды, аязды түні адастырып жіберген үш жігіт, бұның барлығы да шалдың өз бас пайдасын ойлағаны, түнде қонуға келген үш жігіттің өзі жасырған байлығын, дүниесін көріп қойып, елге жая ма деген қауіпі еді. Ал Ерік Таған маскүнемдіктен арылып келе жатқандағы, оған анасы мен әйелінен тығылып сыра әкеліп беруі Тағанның өзінен озып кетер ме

дегендегі қауіп - қатері еді. Ерік те Қоңқай шал тәрізді елден безіп, жырақта ғұмыр кешуде.

Ол барлық нәрсеге күдік, күмәнмен қарайды. Яғни не нәрсеге болсын сенімі жоқ. Шығарма барысында оның анасына да, Айнаға да сезімі көрінбейді. Оның сезімі Қатын өзенінің ар жағынан қолын бұлғаған қызыл жаулықты қызға сеніммен қарауынан көрінеді. Ол Қатын өзенінің ар жағасындағы бейтаныс қызға ғашық еді. Жүзіп өтіп барайын десе өзен ағысы қатты, жүріп өтейін десе көпір де жоқ. Тіпті айтар сөзі де естілмейді. Ол қыздың шын өмірде бар жоғы да белгісіз. Мүмкін бар да болар, мүмкін Еріктің ойына сәйкес, оған ғана көрінетін сағым бейне де шығар. Бірақ Еріктің қызға деген махаббатын көруге болады. Сағым бейне болса да, Еріктің сенімділігін, махаббатын оятты.

Еріктің ақыр аяғында бүкіл істеген жұмысы, іс - әрекеті зая кетіп, тіпті адамдық қалпын жоғалтып, өзі өсірген жәндік тәріздес болып кетуі жасаған ісінің зардабы іспеттес. Ол өзі таңдаған, өзі қолмен жасаған жолдың құрбаны болды. Адам баласы дүниеқоңыздығын қоймаса, араның өз балына батып өлетіні сияқты, адамда сол дүниесіне батып өлетіні белгілі.

Шығармада қоғамнан оқшауланып, адамдардан безінген тағы бір жан бар. Ол екі баланы жеке өсіріп, тәрбиелеп жатқан шал. Оның ойы бойынша адамдардан бөліп әкеткен екі баласы арам пиғылдан, жаманшылдықтан, арсыздықтан таза, адал да бақытты өмір сүретініне сенеді.

Ұлының атын - Қозы, қызының атын - Баян қойған. Таған сұрағанда, ол екеуін әдейілеп Қазақстанның екі шетінен батысы мен шығысынан алып келгенін, болашақта үйлендіргісі келетінін айтқан. Қандары араласып, адал да мейірімді, арамдық пен зұлымдықтан жұрдай ел болсын деген ниетінін барын да айтады.

Шалдың бұл іс - әрекетіне қарап, өмірден біраз қиындықтар көрген, біраз адамға деген реніші бар екені анық көрінеді. Тіпті үйін де үңгірден жасап алған. Себебі, Қазақстанның екі қиыр шетінен екі баланы асырап алуы, оларды елден жырақта, бұрынғы ата - бабаларымыз секілді, қала өмірінен тыныш, басқа адам баласымен араластырмай өсіруі тегіннен тегін емес. Тек бір ойландырамы адам баласымен араласпай, бала құсап өз қатарластарымен ойнамай, жан баласына жуымай, өмірдің ғажап сәттерін көрмей жабайы адам кейпіне еніп кетпесіне кім кепіл.

Тазалыққа деген ұмтылыс қатыгез, күнәһар қоғамнан алшақ өмір сүріп жатқан Шалдың да іс-әрекетінен көрінеді. Ол Қозы мен Баян

есімді шығыс пен батыстың балаларын асырап, өсіп-жетілген соң қосып, солардан «таза» ұрпақ таратқысы келеді. Адамдар тобырынан тыс өмір сүріп жатқан Шалдың Қозы мен Баянды да ұзаққа алып кетуінің себебі «арзан қызықтан таза өссін» (Бөкей, 1996, s. 32) дегені. Бірақ Шалдың бұл әрекетіне Таған таңқалып, таңданып бірнеше сауал қояды.

Ағайыннан өзіңіздің көңіліңіз қалған шығар. Бірақ адамзаттың бәрін ақылсыз деуге келмес. Көпшіліктің арасында жүріп те жалғызсыраймыз. «Халықпен қақтығысып жүргенге не жетсін!?», - деп сауал қояды. Сонда Шал: «Адаморманның ортасында жүріп күнәға батқанша, ағашорманның арасында таза өскеніне не жетсін. Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да; ішімдік пен аяқтан шалар ағайыналауыздығынан да ада, таза да тәкаппар ұрпағын тәрбиелеймін. Иә, пәле-қала, өсек-жаладан... меңдуана жегендей желіктіретер әуен мен әумесер қылар айғай- шудан да алып қашып отырмын», - деп жауап береді. (Нурланова & Жәмсап, 2025).

Оралхан Бөкей бір сөзінде көп адамның жанында жүрсе де кейде өзін жападан жалғыз сезінетіндігін айтады. Бұл туған жерінен алысқа ұзағандықтан білінетін сағыныштың белгісі. Алтайға келіп, тау-тасты кезіп, әсем даланың сұлулығын сезінсе, кербез өлкенің саф ауасымен демалса ғана жалғыздықты мүлдем ұмытатын болған екен.

«Оралханның көптеген туындыларында табиғат, Алтай табиғаты негізгі фон, кейде, тіпті кейіпкерлерімен жарыса жүретін образ иесі екенін аңғару қиын емес. Жазушы Бөкеев – туған өлкесі әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы» (Сыздықова, 1984, s. 166), деп баға береді филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық.

Философ Н.А.Бердяевтің пікірінше жалғыздықтың соңы -өлім, бірақ радикалды шығудың жолы-махаббат. Жалғыздық ешқандай физикалық немесе хронологиялық шеңберді білдірмейді: «Жалғыздық адамды жақындарынан ажырататын ұғыммен өлшенбейді. Демек, «жалғыздық» термині физикалық тұрғыдан емес, трансцендентальды түрде қарастырылуы керек». (Бердияев, 1995).

Шығармадағы сұлулық пен әдемілік, сезім мен махаббат Айна образы арқылы беріледі. Айна өмір бойы жылқы баққан жылқышының қызы еді. Оның бүкіл балалық шағы жайлауды өтті. Сондықтан да өзге істе шаруасы жоқ, біртоға қыз еді. Институт қабырғасында оқып жүргенінде талай жігіттің де меселін қайтарған еді. Тіпті сол жердегі мұғалімнің бірі де Айнада ойы бар болатын. Оның бағасын да кемітіп, бағаны да дұрыс қоймағанынан институтты тастауға мәжбүр болған еді. Кейіннен жұмысқа орналасып, Ерікпен танысты. Ол өмірге бала

көңілмен қараған, арамдық, зұлымдық атаулыға жаны қас. Айнаның көңілі жаңа жауған қардай таза, ағып жатқан өзендей тұнық, аңқау да ақкөңіл, өмірдің жаманы мен жақсылығын, сұлулығы мен зұлымдығын ажырата алатындай санасы, өзіндік пайымы мен жолы бар. Онда неге осындай барлығы бар, бірақ ешнәрсесі жоқ өмірді тандады екен. Ол басқалар сияқты биікке ұмытылмайды. Бар білері Еріктің қамын жасап, науқас шешесін қабақ шытпай қарады. Айна өзінің жарына жан тәнімен берілген қазақ әйелдерінің айнасы. Ол жары Еріктің соңынан еріп, айдаладағы, таулардың арасына бірге барып, жан бағу қиыншылық тудырған жерге барып, қиындықтарға мойымай, сал болып қалған енесін бағады. Ауылдың, әке - шешесінің тәрбиесін бойына сіңіріп өскен қыздың мінезінде мін жоқ. Оның өз мақстатарынан бас тартып, ай далаға келуін Ерікке деген махаббатымен түсіндіруге болады. Қаншама жылдар өткен соң ғана жарының өзіне көңіл бөлмеуі, түсініксіз әрекеттері, артынан ертіп келген досына деген іс - әрекеті, қатыгездігіне көзі жетіп, жар таңдауда қателескенін түсінеді. Тағанды көрген күннен бастап бір өзгерісті байқайды. Шығарманы оқыған адам Айнаны Тағанға қосқысы келеді.

Айнаның жалғыздықтан жапа шеккенін Қатын өзенінің жағасына барып өзенмен сырласқанынан байқауға болады. Бұл дүниедегі ең сорақы нәрсе өз өзінді тұтқындап, өзіннен қашып кете алмау шығар. Бұл азаптан не біреу құтқару керек немесе ой сананды, ортанды, араласатын адамдарды өзгертіп құтылуға болады. Бірақ Айна сонына дейін шыдады. Жарының анасына көрсеткен құрметсіздігі, досына деген аяушылық сезімінің жоқтығы, табиғатқа деген аярлығынын жоқтығы қынжылтты. Қалай ғана осындай адамды жақсы көргеніне сене алмады.

Өмірде талай адамның ішіндегі жан сырлары өзімен бірге аттанады. Айнаның бір түсінбегені, жарының отбасы құрған сәтінен бастап оған мүлде көңіл бөлмеуі еді. Еріктің өзге әйелмен көңіл жарастырғанын іштей сезсе де, өз ойына өзі қарсы шығып, сенгісі келмейді. Әрбір адам өзінің санасына байланысты ғұмыр кешеді. Ал ол санаға бірнеше факторлар әсер етеді. Соның бірі қазақ халқының менталитеті. Себебі, қазақ халқының менталитетінде кез келген қыз баласына қырық үйден тыйым салып, үлкенге сөз қайтармай, көзіне тік қарамай, отбасының шайқалмауына жол бермеу болып табылады. Осының барлығын бойына сіңіріп өскен қыз баласы ерінің айтқанына көңіп, айдауына жүреді. Ал күйеуі болсы әйелінің бұл қасиетін бағаламай, әйелі бола тұра өзге әйелдерге көз салады. Әрине, әйел заты оны сезгенімен, отбасының шырқын бұзбауы үшін көзін жұма қарап

жүреді. Бұның барлығы отбасылық тәрбиеге байланысты. Бірақ әйел адам қанша төзгенімен іштей қиналып, өзін - өзі мүжіп, тіпті ауру адамға айналуы мүмкін.

Айна студент кезінде Тағанды көрген еді. Үнемі ой үстінде жүретін үлкен қара көзді, бура шашты аспирантты бір рет қана көрседе есінде мәңгі қалып қалған болатын. Ұйықтап жатып, түсінде де сан мәрте рет көрген. Ерік те түсінде біреудің есімін атап шақыратынын айтқан еді. Айна болса оның Таған екенін білмеді. Тіпті екеуі де жүздері таныс болса да, бір - бірін бұрын көргендерін білмеген еді.

Шығарма барысында Айнаның Қатын суының не себепті олай аталып кеткенін білгісі келетін тұсы бар. Сол жерде мүмкін жалғыздықтан шаршаған әйел өзін өзі осы суға тастап, өлтірген болар деген еді. Бұл жерден ақыр аяғында Айна да өзін өзі Қатын суына тастап жібергенін байқауға болады. Бірақ оны бұл өлімнен Таған құтқарып қалған еді. Айнаны Таған өлімнен ғана емес, жалғыздықтан да құтқарды. Повесть сонында Айна Тағанмен бірге жалықтарар бұл өмірінен қашып құтылады. Ал Ерік болса Айнаны тіпті де іздемейді. Өзіне басқа жар табыларын, тіпті болмаса Бек - Алқадағы Бекзатты алып аларын айтады. Бұл іс - әрекеттен Айнаның жасаған қадамы дұрыс болғанын көруге болады.

Психологтар жалғыздықтың негізгі себебі - жеке тұлғаның басқа адамдармен қарым-қатынасқа бағдарлануы (бағдары) деп санайды. (Слободчиков, 2008) Ендеше, Айнаның ойынша, дүниедегі ең қиын нәрсе- жақсы көретін адамыннан көңілінің қалуы. Көңіл қалу деген шыныны сындырумен тең. Оны қайтадан қалпына келтіру қиын, тіпті келтіре де алмайсын. Айна өзінің жарына адал, шынайы жақсы көрген еді. Оны Айнаның өзінің мақсат мұраттарынан бас тартып, ит өлген жерге келіп, азапты өмір сүріп, Еріктің бар жақсылығын асыруынан көруге болады. Айна бар жан тәнімен Ерікті жақсы көрседе, ол оны кешіре алмады. Себебі, Ерік айнаны бағаламады. Айнаның да қапа болғаны сондықтан. Бүкіл өмірінің зая кеткеніне іші ашиды.

Қорытынды

Жалғыздық – қазіргі қоғамдағы өзекті әлеуметтік әрі рухани мәселелердің бірі. Бұл ұғым тек жекелеген адамның өмірінен туындайтын психологиялық құбылыс қана емес, сонымен қатар философиялық тұрғыдан терең пайымдауды қажет ететін күрделі мәселе ретінде қарастырылады. Аталған тақырып әдебиетте әр дәуірде өз мән-маңызын жоғалтқан емес. Жалғыздық мәселесін қазақ әдебиетінде де, шетел әдебиетінде де түрлі жазушылар әр қырынан

суреттеген. Солардың ішінде Оралхан Бөкей жалғыздықты өзгеше қабылдап, оны көркемдік тұрғыдан жаңа қырынан танытқан қаламгер ретінде ерекшеленеді. Жазушы өз шығармаларында жалғыздықты жеке кейіпкерлердің тағдыры арқылы суреттей отырып, оны терең философиялық және әлеуметтік мазмұнмен байытады. Мәселен, «Атау-кере» повесіндегі Таған, «Қар қызындағы» елес бейнесі, «Жетім бота» әңгімесіндегі Ақбота — барлығы өмір шындығынан алынған, жалғыздықпен бетпе-бет қалған кейіпкерлер. Автор бұл кейіпкерлерді қоғамнан, адамдардан оқшау күйде бейнелей отырып, жалпы қоғамдық күйді, адам мен қоғам арасындағы алшақтықты тереңінен зерделейді. Оралхан Бөкейдің ерекшелігі — оқырманды нақты бір идеяға үгіттеуден гөрі, кейіпкерлер арқылы адамның ішкі жан дүниесіндегі қайшылықтарды, жалғыздыққа душар ететін себептерді көрсетуге ұмтылуында. «Атау-кере» повесінде Тағанның жалғыз қалуы — жазушының сол уақыттағы қоғамға, оның құндылықтарына айтқан сыны іспетті. Тағанның «Неге біз осы?» деген сұрағы — тек кейіпкердің ішкі монологы емес, ол тұтас ұрпақтың, қоғамның рухани күйін білдіретін символдық сипатқа ие. Ол жақындарынан, достарынан және әлеуметтік ортасынан алшақтап, өзін ішкілікке салған тұлға ретінде бейнеленеді. Бұл күйзелістен оны алып шығуға ұмтылатын жалғыз бейне — Айна. Оның образы Таған үшін үміт пен рухани серік ретінде көрініс табады.

Қорыта айтсақ, повесте оқшаулану мәселесі арқылы Оралхан Бөкей өзі өмір сүрген ортаның мәселелерін көтерген. Әр кейіпкері әртүрлі мәселеге байланысты қоғамды жатсынып кетеді. Әр кейіпкері жалғыздықтан, қоғамнан оқшауланып қалуынан зардап шегеді. Өзінің іштегі шерін тарқатар адам табылмағанына мұңаяды. Адам жалғыздықтан шаршап, өзінің ішкі ойында болып жатқан ойлары мен толғамдарынан, оны ешкімге айта алмағандықтан өздігінен қоғамға керексіз санайды. Бұл адам үшін өте қауіпті құбылыс болып табылады. Бұдан адам мүлде айналасындағылармен араласпай кетуі мүмкін, қоғамнан өзін аулақ ұстап, өзін жатсынатын болады. Автор сол арқылы қоғамда әлі күнге дейін болып жатқан мәселелерді көрсетіп береді. Ерік пен Таған екеуі бір біріне кереғар кейіпкерлер. Ерік Таған сияқты өзінен озғандарды көре алмай, барлығын тастап, жеке өмір сүруге бекінеді. Ал Таған Ерік сияқты өзін көре алмайтындардың, әділеттіліктен жұрдай адамдардан жапа шегіп, маскүнемдікке түседі. Екі баланы асырап алған шал да өмірде мүлде мейрімді, әділдікке жақын, адал адамдардың аздығын айтып, өзінің асырап алған балаларынан басқа ұрпақ тәрбиелейтінін алға тартады.

Пайдаланған Әдебиеттер

- Абай. (2020). Қара сөз. Алматы: Атамұра.
- Aron, E., & Aron, A. (1997). Sensory-processing sensitivity and its relation to introversion and emotionality. *Journal of Personality and Social Psychology*, 73(2), 345–368. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.73.2.345>
- Бердияев, М. (1995). Два образа веры. Москва: Республика.
- Бөкей, О. (1994). Екі томдық таңдамалы шығармалары. Алматы: Жазушы.
- Бөкей, О. (1996). Екі томдық таңдамалы шығармалары. Алматы: Жазушы.
- Бөкей, О. (2013). Шығармалары. Роман, повестер. Алматы: Ел-шежіре.
- Бөкей, О. (2013). Шығармалары. Т.1. Атау Кере: роман және повестер. Астана: Фолиант.
- Нурланова, А., Жәмсап, А. (2025). Оралхан Бөкей шығармаларындағы «табиғат» концепті. Өскемен: ҚАЕУ.
- Покровский, Н. Е. (1989). Лабиринты одиночества. Москва: Прогресс.
- Слободчиков, И. М. (2008). Переживание одиночества с позиций культурно-исторической психологии Л. С. Выготского. *Вестник РГГУ*, 3(42), 42–49.
- Сыздықова, Р. (1984). Сәйкестік. Уақыт және қаламгер, 10, 166–170.
- Хараш, А. У. (2000). Психология одиночества. *Педология*, 4(ноябрь), 7–16.
- Yılmaz, S. (2023). Yalnızlık hissi ve duygusal zekâ ilişkisi: İlahiyat fakültesi öğrencileri üzerinde bir inceleme. *Eskiye*, 50(Eylül), 723–746.

Қауыпқа

- Abay. (2020). Kara söz. Almatı: Atamura.
- Aron, E., & Aron, A. (1997). Sensory-processing sensitivity and its relation to introversion and emotionality. *Journal of Personality and Social Psychology*, 73(2), 345–368. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.73.2.345>
- Berdiyayev, M. (1995). Dva obraza veri. Moskva: Respublika.
- Bökey, O. (1994). Eki tomdık tandamalı şığarmaları. Almatı: Jazuşı.
- Bökey, O. (1996). Eki tomdık tandamalı şığarmaları. Almatı: Jazuşı.
- Bökey, O. (2013). Şığarmaları. Roman, povester. Almatı: El-şejire.
- Bökey, O. (2013). Şığarmaları.. T.1. Atau Kere: roman jene povester. Astana: Foliant.

- Nurlanova, A., Jemsap, A. (2025). Oralxan Bökey şıғarmalarındaғы «tabiğat» konsepti. Öskemen: KAEU.
- Pokrovskiy, N. E. (1989). Labirintı odinoçestva. Moskva: Progress.
- Slobodçikov, İ. M. (2008). Perejivanie odinoçestva s pozisiy kulturno-istoričeskoy psixologii L. S. Vigotskogo. Vestnik RGGU, 3(42), 42–49.
- Sızdıkova, R. (1984). Seykestik. Uakıt jene kalamger, 10, 166–170.
- Xaraş, A. U. (2000). Psixologiya odinoçestva. Pedologiya, 4(noyabr), 7–16.
- Yılmaz, S. (2023). Yalnızlık hissi ve duygusal zekâ ilişkisi: İlahiyat fakültesi öğrencileri üzerinde bir inceleme. Eskiye, 50(Eylül), 723–746.

ORALHAN BOKEİ’NİN “ATAU – KEREDE” ÖYKÜSÜNDEKİ YALNIZLIK TEMASI

Öz: Kazak nesri günümüze kadar araştırılmış olmasına rağmen, henüz çözümlenmemiş meselelere, henüz ele alınmamış konulara ve daha fazla araştırmayı gerektiren eserlere değinen çok sayıda eser bulunmaktadır. Bu açıdan bakıldığında Kazak edebiyatının en önemli yazarlarından biri olan Oralhan Bökey’in eserleri pek çok araştırmanın konusu olabilecek niteliktedir. Yazarın tüm eserleri okuyucu ve eleştirmenlerin ilgisini çekmiştir. Ancak Oralhan Bökey’in eseri ve nesri üzerine yapılan araştırmaların henüz yeterli olduğu söylenemez. Usta yazarın “Atau-Kere” öyküsü, günümüze kadar güncelliğini yitirmeyen eserlerinden biridir. Burada Altay’ın engebeli doğası, insanların yaşamları anlatılmakta ve tüm dünyayı ilgilendiren meseleler kendine özgü çözümlerle ele alınmakta, bunlar kendi zaman, kendi bakış açısı ve kendi çevresiyle bağlantılandırılmaktadır. Bunlardan biri de yalnızlık ve izolasyon sorunudur. Yalnızlık doğada herkesin başına gelen bir durumdur. Yalnızlığın üstesinden gelmenin herkes için kolay olmadığı ortadadır. Herkes yalnızlıkla kendine göre başa çıkar, kendi yöntemleriyle bu durumu atlatır. Yalnız kalmak bir yandan iyi, bir yandan da tehlikelidir. Tehlike şu ki, insan yalnız kaldığında çeşitli düşüncelere kapılır ve bu düşünceler onu yalnızla sürükleyebilir. Güzel olan, farklı fikirleri düşünme, analiz etme ve ihtiyaç duyulanı bulma, çözüm arama sürecidir. Makalede, insanın yalnızlık dönemindeki derin tefekkürünün felsefi ve psikolojik boyutları ele alınmakta ve yalnızlık kategorisi kapsamlı bir şekilde analiz edilmektedir. Oralhan Bökey’in “Atau-Kere” adlı öyküsündeki karakterler aracılığıyla, çeşitli nedenlerle toplumdan soyutlanmış kişiler, onların yaşam biçimleri ve yaşadıkları

dönemle birlikte ele alınıyor. Bu yazıda kahramanların izolasyonun üstesinden nasıl geldiklerine ve bunun her biri için neden tehlikeli hale geldiğine bakılacaktır. Yazarlar, Oralhan Bökey'in "Атау Кере" adlı eserindeki vicdan ve ruh acılarını günümüz toplumuyla karşılaştırarak, yazarın felsefi ve psikolojik düşüncelerini çağdaş bir bakış açısıyla sunmaktalar. Kazak edebiyatında yalnızlık teması, özellikle Oralhan Bökey'in eserlerindeki yalnızlık sorunu hâlâ sistematik bir şekilde incelenmemiştir. Bu makalede, Oralhan. Bökey'in Атау-Кере adlı uzun öyküsü temel alınarak edebiyattaki yalnızlık teması ele alınmaktadır. Araştırma sürecinde teorik kaynaklara başvuru, karşılaştırma, edebi analiz ve sistematikleştirme yöntemleri kullanılmaktadır.

Анаhtar Kelimeler: Kazak edebiyatında yalnızlık sorunu, Oralhan Bökey'in edebi çalışmaları, Oralhan Bökey'in düzyazılarında yalnızlık teması, Атау-Кере romanında yalnızlık teması, doğa ve insan.

ТЕМА ОДИНОЧЕСТВА В СТИХОТВОРЕНИИ «АТАУ - КЕРЕ» ОРАЛАХАНА БОКЕЯ

Аннотация: Хотя казахская проза в целом достаточно изучена, в её корпусе сохраняется значительное количество произведений, содержащих нерешённые проблемные вопросы и тематические направления, которые остаются недостаточно раскрытыми и требуют дальнейшего комплексного исследования. В этом контексте творчество Оралахана Бокее — одного из наиболее ярких представителей казахской литературы — представляет собой плодотворный объект для научного анализа. Произведения писателя неизменно привлекали внимание как читателей, так и литературных критиков. Тем не менее, степень изученности его художественного наследия, в частности прозы, остаётся недостаточной. Повесть «Атау-Кере» является одним из наиболее значимых произведений автора, сохранивших свою художественную и идейную актуальность. Описывая суровую природу Алтая и быт его обитателей, писатель поднимает проблемы, имеющие универсальное значение, предлагая собственные интерпретации и решения, соотнося их с историческим контекстом, личным мировоззрением и культурной средой. Одной из центральных проблем произведения выступает феномен одиночества и оторванности человека от социума. Одиночество, как

экзистенциальное состояние, в той или иной степени присуще каждому индивиду. Однако преодоление этого состояния является сложной задачей, требующей от личности собственных внутренних усилий и индивидуальных стратегий. Оно обладает двойственной природой: с одной стороны, предоставляет возможность для рефлексии, самопознания и внутреннего роста; с другой — несёт в себе опасность деструктивного воздействия, когда человек, оставаясь наедине с собой, оказывается уязвимым перед хаотичными мыслями, способными отклонить его от намеченного жизненного пути. В статье проблема одиночества рассматривается в философско-психологическом аспекте, с особым вниманием к процессу глубокой внутренней сосредоточенности, возникающей в состоянии социальной изоляции. На материале повести Оралхана Бокея «Атау-Кере» проводится анализ персонажей, оказавшихся в силу различных обстоятельств оторванными от общества, с учётом их жизненного пути и историко-культурной среды, в которой они существовали. Особое внимание уделяется выявлению причин и последствий их изоляции, а также анализу способов преодоления этого состояния. Авторы соотносят внутренние переживания и духовные страдания персонажей произведения с реалиями современного общества, раскрывая философские и психологические аспекты авторской позиции в актуальном культурном контексте. Следует отметить, что проблема одиночества в казахской литературе, и, в частности, её художественная интерпретация в произведениях Оралхана Бокея, до настоящего времени не подвергалась системному научному осмыслению. Настоящее исследование восполняет этот пробел, рассматривая тему одиночества на материале повести «Атау-Кере» с использованием методов теоретического обзора, сопоставительного анализа, литературной интерпретации и систематизации.

Ключевые слова: Проблема одиночества в казахской литературе, творчество Оралхана Бокея, тема одиночества в прозе Оралхана Бокея, тема одиночества в романе Атау-Кере, природа и человек.

Extended Summary

Introduction

Oralhan Bokey is one of the most influential voices in modern Kazakh literature, and his novella *Atau-Kere* remains an enduringly powerful work due to its exploration of human isolation, alienation, and moral conflict. Despite scholarly attention to Bokey's oeuvre, *Atau-Kere* has yet to be fully appreciated for its profound philosophical and psychological insight. This paper aims to analyze the complex dimensions of isolation in *Atau-Kere* by situating it within the broader frameworks of existentialism, post-Soviet identity crisis, and literary psychology.

Methodology

The study employs a qualitative and interpretative approach, grounded in literary hermeneutics and philosophical inquiry. Textual analysis is complemented by theoretical references from thinkers such as Berdyaev, Pokrovsky, and contemporary psychological studies (e.g., Aron & Aron, 1997). The analysis includes close readings of character dialogues, monologues, and symbolic narrative elements.

Analysis and Discussion

The Character of Таған: Intellectual Alienation Таған, a gifted academic, falls into despair after systemic rejection of his intellectual work. His descent into alcoholism is not a personal failure but an emblem of societal oppression and loss of faith in institutional justice. Bokey's portrayal of Таған underscores the vulnerability of the intellectual in authoritarian regimes.

The Tragedy of Silent Endurance Ayana represents moral clarity and feminine endurance. Her suffering stems from emotional neglect and moral dissonance in her marriage. Bokey uses her relationship with nature and her ultimate escape from a toxic environment as symbols of silent rebellion and inner awakening.

The Morally Corrupt Materialist Erik is a hybrid figure, both ethnically and morally, who epitomizes the degeneration of values in the face of capitalist greed. His exploitation of nature and disregard for human relationships lead to his metaphorical and literal downfall. Bokey critiques post-Soviet utilitarianism through Erik's character.

Nature as a Healing and Philosophical Force In *Atau-Kere*, nature is not a passive backdrop but an active participant in the moral journey of the characters. The Altai Mountains, rivers, and forests symbolize purity,

spiritual regeneration, and the eternal harmony disrupted by human vice. Nature's constancy contrasts with human volatility, offering an ethical standard.

The Old Man and the Quest for a “Pure Generation” The old man who isolates two children to raise a morally uncontaminated generation illustrates the extreme response to societal decay. His actions reflect both hope and delusion, raising questions about utopian isolation versus social engagement.

Conclusion

Atau-Kere is a deeply philosophical novella that uses isolation as a lens to critique the moral and existential crises of modern Kazakh society. Bokey's characters struggle not only with external rejection but with internal fragmentation. Through nature, memory, and human connection, some characters find partial redemption, while others succumb to the disintegration of self. The novella is a powerful allegory for the search for meaning in a world marked by injustice and estrangement.

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Nuray ÜÇKARAKAYA (%50), Assem NURLAOVA (%50)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

УДК 82-9 МҒТАР 17.82.90